

**Кажикенова Гульнар Муратовнаның 8D01101– «Педагогика және психология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Жоғары оқу орнындағы педагогикалық процесінде рефлексиялық диалогты дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
АҢДАТПА**

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазіргі қарқынды дамып келе жатқан әлемде білім мен ғылымға басымдық қойылатыны айқын. Ел экономикасының даму деңгейі көбінесе білім беру сапасымен анықталады.

Қазақстанда білім беруді жаңғырту және перспективалық дамыту мемлекеттік стратегиялық нормативтік және тұжырымдамалық құжаттармен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму Стратегиясында білім мен кәсіби машық заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары деп аталды.

Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспары жалпыұлттық басымдық ретінде сапалы білім беруді және оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау, білім беру сапасын арттыру, адами капиталды дамыту және т. б. түйінді міндеттерді айқындайды.

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында 2021 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» («Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы) ұлттық жобасы бекітілді.

Стратегиялық міндеттер аясында университеттің дәстүрлі педагогикалық үдерісін дамыту жолдарын зерттеу қажеттілігі өзекті болып табылады. Бұл үдерісті жаңартудың перспективалық бағыттарының бірі оны университеттің педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты дамытудың теориялық моделі негізінде құру болып табылады.

Жаңа білім беру саясатын айқындайтын құжаттардан көрініп тұрғандай, білім берудің маңызды міндеті білім алушыларға сыни ойлау дағдыларын, рефлексивті құзыреттерді дарыту болып табылады, олар кейіннен академиялық табыстылықта және болашақ кәсіби қызметте көрініс табады.

Философиялық еңбектерге жасалған шолу бойынша рефлексияны адамның санасында не болып жатқанын түсіну, ойлау мазмұнын түсіну және талдау, өзінің рухани ізденістерін бақылау қабілеті деп дәйектеуімізге болады.

Психологиялық зерттеулерде рефлексия адамның өзін-өзі жүзеге асыруы және өзін-өзі жетілдіруі жүзеге асырылатын сапа ретінде түсіндіріледі (А.Н. Леонтьев); өзін-өзі анықтау және шығармашылық өзін-өзі дамыту механизмі ретінде (Л. С. Выготский); адам санасының маңызды сипаттамасы ретінде (С. Л.

Рубинштейн); негіз ретінде, онсыз теориялық ойлау мүмкін емес деп дәйектеледі (Ж. Пиаже).

Ғылыми-педагогикалық жұмыстарда рефлексия мәселесі жан-жақты талқыланған. Мысалы, Б. З. Вульф, В. Н. Харькин рефлексияны мұғалімнің кәсіби дайындығы мазмұнының қажетті элементі ретінде қарастырады. А.А. Бизяева ойшыл мұғалімнің кәсіби дамуы мен өзін-өзі дамытуы рефлексиясыз мүмкін емес деп тұжырымдай отырып, осы ұстаныммен бөліседі.

Қазақстандық ғалым А. Р. Ерментаева рефлексия мәселелерін білім алушылардың кәсіби дайындығына субъективті көзқарасы тұрғысынан қарастырады. А. Д. Кариев ЖОО-да интерактивті білім беру технологияларын пайдалану арқылы студенттердің субъективтілігін қалыптастыру мәселесін зерттей отырып, білім берудегі рефлексия мәселесін көтерген.

С.Қ. Құрақбаев өзінің диссертациялық зерттеуін университеттік білім беру жағдайында болашақ шет тілі мұғалімдерінде педагогикалық рефлексияны қалыптастыруға арнады. Болашақ бастауыш мектептің мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындау М. Н. Оспанбекованың диссертациялық жұмысында зерттеу тақырыбына айналды. Қ. О. Қазиев болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамытудың ғылыми негіздерін зерттеді.

Ғылыми-педагогикалық еңбектерге шолу жасау арқылы жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінің негізгі элементі білім алушылардың кәсіби санасы мен өзін-өзі тануын дамыту болуы тиіс деп шештік. Белгілі болып отырғандай, сана ойлау үдерістерін реттеу және бақылау қабілеті ретінде кәсіби мәселелерді шешуде интеллектуалдық қызмет болып түсінілетін кәсіби ойлауды қалыптастыру нәтижесінде дамиды. Тек дамыған кәсіби сана ғана бұл әрекетті рефлексивті деңгейге көтеріп, оның тиімділігін қамтамасыз ете алады.

Сондықтан, барлық еңбектерде зерттеушілер болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудағы рефлексияның маңыздылығын атап көрсетеді. Білім алушылардың өз іс-әрекеті мен жеке басының шығармашылық көрінісі мен өзін-өзі реттеу дәрежесі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ақыл-ой белсенділігінің рефлексиялық дәрежесі де жоғары болады, яғни оның тиімділігі де жоғары болады деген сөз. Демек, қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында жауапты шешімдер қабылдауға дайын жоғары білімі бар кадрларды даярлауға қоғам қоятын жаңа талаптар тұрғысында білім алушыларды рефлексивті даярлаудың рөлі өзекті болып табылады.

Қойылған міндеттерді шешу үшін кәсіптік даярлау жүйесін құрудың басымдықтарын қайта қарау қажет. ЖОО-дағы педагогикалық үдеріс білім алушылардың өз біліміне және алдағы кәсіби қызметіне рефлексивті қатынасын қамтамасыз етуге қабілетті қағидаттар мен тәсілдерге негізделуі тиіс.

Білім берудегі гуманистік құндылықтар университеттің педагогикалық үдерісінде студенттердің субъективті ұстанымының маңыздылығын анықтайды.

Бұл қазіргі педагогикалық теория мен практиканы қайта қарастыруды қажет етеді, өйткені онда төмендегідей **қайшылықтар** кездеседі:

– білім алушы өзінің барлық кезеңдерінде білім беру қызметінің толыққанды субъектісі ретінде өзін көрсете алатын жағдай жасау қажеттілігі мен білім алушы педагогикалық іс-әрекеттің объектісі ретінде әрекет ететін немесе қызметтің атқару бөлігінде ғана жеткілікті дербестік дәрежесі бар педагогикалық үдерістің дәстүрлі құрылуы арасында;

– ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты енгізу қажеттілігі мен рефлексивті диалог негізінде педагогикалық үдерісті құруға теориялық және әдіснамалық тәсілдердің жеткілікті тұрғыда әзірленбеуі арасында.

Рефлексивті тәсіл мақсаттарды, мазмұнды, оқу үдерісін анықтауда студенттердің өзіндік кәсіби қызметін және оқу үдерісінде өзін-өзі ұйымдастыруды түсінуіне баса назар аударады. Рефлексия педагогикалық үдерістің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол қатысушылардың өз қызметін түсінуін ғана емес, сонымен қатар оның жан-жақты талдауын, бағалауын және одан әрі дамуын болжай алады. Алайда, осыған қарамастан, нақты педагогикалық практикада білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың процедуралық және аспаптық тетіктері аз дамыған, педагогикалық үдерісті құруға рефлексивті тәсілдер екінші негіз болып қала береді, нәтижесінде рефлексивті құзыреттілік пен мәдениеттің деңгейі төмен болып қалып отыр.

Бұл жағдай **«Жоғары оқу орнындағы педагогикалық процесінде рефлексиялық диалогты дамыту»** зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.

Соңғы жылдары әртүрлі қызмет салаларындағы рефлексия проблемаларына арналған зерттеулер көлемінің артуы оларды одан әрі зерттеу үшін негіз болатын іргетасының мықты екенін көрсетеді.

Алайда, аталған жұмыстарға шолу қазақстандық білім беру жүйесі жағдайында ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты дамыту зерттеудің арнайы объектісі ретінде қарастырылмағанын көрсетеді. Білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін дамыту бойынша шешім шығаруды талап ететін көптеген практикалық міндеттер бар. Сондықтан, университеттің педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты дамыту жолдарын іздеу **зерттеу мәселесі** болып табылады.

**Зерттеу мақсаты:** жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру және рефлексивті диалогты дамытудың интегративті моделін теориялық және эксперименттік тұрғыдан негіздемесін әзірлеу.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісі

**Зерттеу пәні:** Жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерісіндегі рефлексивті диалог.

**Зерттеу болжамы:** егер ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты дамытудың және білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың интегративті моделін жүзеге асырса, онда ЖОО-ның педагогикалық үдерісі тиімдірек болады, өйткені мақсатты түрде жүзеге асырылатын рефлексивті диалог білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға әкеледі, бұл олардың әрі қарай үздіксіз кәсіби дамуының негізі болып табылады.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Рефлексия мен диалогты университеттің педагогикалық үдерісінде тұлғаның дамуының маңызды категориялары ретінде негіздеу.

2. ЖОО-ның педагогикалық үдерістерін құру мен жүзеге асырудағы рефлексивті-диалогтық тәсілді сипаттау.

3. Рефлексивті диалог негізінде құрылған педагогикалық үдерістің болжамды нәтижесі ретінде рефлексивті құзыреттілік ұғымын нақтылау.

4. Жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру және рефлексивті диалогты дамытудың интегративті моделін жасау.

5. Білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үшін рефлексивті диалогты дамытудың әдістемелік негіздерін анықтау және құралдарын әзірлеу.

6. Білім алушының рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үшін рефлексивті диалогты жүзеге асырудың тиімділігін экспериментальды түрде тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты дамыту жоғары оқу орны түлектерінің өз кәсіби және жеке дамуына саналы көзқарасын қамтамасыз етуге қабілетті, қазіргі қарқынды өзгертін қоғамда талап етілетін рефлексивті құзыреттілігіне ықпал етеді.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері:**

– «Рефлексия» ұғымының мәні туралы философиялық ілімдер мен тұжырымдамалық ережелер (Ф. Гегель, Ж.-П. Сартр, в. Франкл);

– қазақ ойшылдарының моральдық-философиялық рефлексиясының қағидаттары (Абай, Шәкәрім, М. Жұмабаев) және қазіргі қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі оларды талқылау (Е. Жұматаева, Р. К. Төлеубекова, Т. Сламбеков);

– рефлексивті қызметтің жалпы психологиялық теориясы (С. Л. Рубинштейн, Л. С. Выготский, А. Н. Леонтьев, Ж. Пиаже, Д. Шон, Дж. Дьюи, И. Н. Степанов, С. Ю. Семенов);

– кәсіби рефлексия теориялары мен тұжырымдамалары (А. А. Бизяева, А. В. Карпов, В. И. Слободчиков, И. А. Стеценко, А. Р. Ерментаева);

– жеке тұлғаға бағытталған тәсіл (К. Роджерс, Ш.А. Амонашвили, И.С. Якиманская);

- аксиологиялық тәсіл (В. И. Андреев, И. Б. Котова, Б. Т. Лихачев, Е. Н. Шиянов, П. Г. Щедровицкий);
- жүйелік және тұтас көзқарас принциптері (Ю.С. Бабанский, Н.Д. Хмель, В.П. Беспалько, Г.П.Щедровицкий);
- рефлексивті-диалогтық тәсіл (Г.И. Давыдова, В.А.Степихова);
- құзыреттілік тәсіл (А.А. Реан, Е. А. Рогов, А. К. Маркова, В. В. Сериков, О. Е. Лебедев, О. А. Леонова).

**Зерттеу көздері.** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым мәселелерін реттейтін нормативтік құжаттары (заңдар, Президенттің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары); білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын Ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалар; философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектер; білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша алыс-жақын шетел және Қазақстан педагогтерінің білім берудің әртүрлі деңгейлерінде практикалық тәжірибесі; мерзімді ғылыми журналдарда және ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында жарияланған мақалалар; диссертанттың жеке зерттеу және педагогикалық тәжірибесі зерттеу көздері ретінде қолданылды.

#### **Зерттеу әдістері:**

- жалпы теориялық әдістер (Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу және талдау, ғылыми-әдістемелік материалдарды жүйелеу, жинақтау, салыстырмалы талдау);
- эмпирикалық әдістер (сауалнама, тестілеу, модельдеу, анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперименті);
- эксперименттік зерттеу барысында алынған деректерді өңдеуге арналған математикалық статистика әдістері: арнайы таңдалған әдістерді қолдана отырып, сауалнама және тестілеу нәтижелерін жүйелеуге және талдауға арналған SPSS әмбебап статистикалық пакеті; диссертация жасаған диагностикалық картаның сенімділігін анықтау үшін Кронбах Альфа коэффициентін есептеу әдістері.

**Зерттеудің эксперименттік базасы:** «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-сұлтан қаласы.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:**

- ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде тұлғаны дамытудың маңызды категориялары ретінде «рефлексия» және «диалог» ұғымдары анықталып, негіздемесі жасалды;
- білім алушылар тұлғасының өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту шарты ретінде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру үшін жоғары оқу орнының педагогикалық үрдісін құру мен іске асырудағы рефлексивті-диалогтық тәсіл теориялық тұрғыдан негізделді;
- білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігі түсінігі нақтыланды;

– ЖОО педагогикалық үдерісінде білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру және рефлексивті диалогты дамытудың интегративті моделі жасалды;

– білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексивті диалогты дамытудың әдістемелік негіздері анықталды және құралдары әзірленді;

– білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексивті диалогты жүзеге асырудың тиімділігі эксперименталды түрде дәлелденді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** – диссертацияда ұсынылған рефлексивті диалогты дамытудың және білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың интегративті моделі білім беру жүйесінің басқа деңгейлерінде және педагогтердің, психологтардың біліктілігін арттыру жағдайында қолданыста бола алады.

Зерттеу барысында әдістемелік тұрғыдан құнды нәтижелерге қол жеткізілді:

– 6В03103 – Психология мамандығының білім алушылары үшін «Топтық кеңес беру» пәнінің «Рефлексия және рефлексивті диалог» блогы әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді, 7М01101 – Педагогика және психология мамандығының білім алушылары үшін «Эмоционалды зияткерлікті дамыту практикумы» пәнінің «Рефлексия және эмоциялық интеллект байланысы» блогы енгізілді;

– бакалавриат, магистратура білім алушылары, білім беру ұйымдарының оқытушылары мен психологтары үшін «Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың рефлексивті әдістері» оқу құралы; жоғары оқу орындарының оқытушылары мен білім алушыларына арналған «Развитие рефлексивных способностей у обучающихся в педагогическом процессе» электронды құралы (2022 ж. «16» мамырдағы № 26114 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы куәлік) әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді.

### **Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:**

1. Университеттің педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты дамытудың теориялық негіздері, олардың негіздемесі «рефлексия» және «диалог» ұғымдарының мәнін ашуға мүмкіндік берді. Зерттеу мәселесінің аясында төмендегі негізгі ұғымдарға анықтама жасалды:

Рефлексия – бұл өзін-өзі танудың, адамның танымдық және практикалық іс-әрекетінің мазмұнын түсіну мен бағалаудың және сыртқы әлеммен өзара әрекеттесудің жай-күйі.

Диалог – бұл педагогикалық топқа қатысушылардың тұлғааралық деңгейде жүзеге асырылатын өзара әрекеті, оның барысында құндылықтар мен мағыналардың бірлігіне негізделген тең ынтымақтастық пен бірлесіп құру қатынастары туындайды.

2. Біз рефлексивті-диалогтік тәсілді рефлексивті психология және

ынтымақтастық педагогикасы қағидаттарына негізделген және педагогикалық үдерісті іске асырудың құндылық-мағыналық басымдықтары мен технологиялық тетіктерін айқындайтын теориялық-әдіснамалық тұжырымдама ретінде сипаттаймыз.

3. Рефлексивті-диалогтық тәсіл негізінде құрылған педагогикалық үрдістің мақсаты мен нәтижесі ретінде рефлексивті құзыреттіліктің негіздемесі жасалды.

Рефлексивті құзыреттілік – бұл тұлғааралық, мәдени, құндылық және кәсіби және іскерлік қатынастарды, үздіксіз дамуды және өзін-өзі дамытуды саналы және позитивті реттеу үшін университеттің педагогикалық үрдісінде мақсатты рефлексивті диалог жағдайында қалыптасатын тұлғаның сапасы.

4. Әдістемелік, үдерістік және аспаптық деңгейлерден тұратын университеттің педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты дамытудың интегративті моделі. Әдістемелік деңгей жеке тұлғаға бағытталған, аксиологиялық, рефлексиялық-диалогтық және құзыреттілік тәсілдерімен ұсынылған, сонымен қатар қажетті дайындықты қалыптастырудың заңдылықтарын, принциптері мен мақсатын қамтиды.

Университеттің педагогикалық үдерісіндегі рефлексивті диалогтың үдерістік деңгейі рефлексивті диалогты дамытудың педагогикалық жағдайларын жасау мен жүзеге асыруды және қажетті құзыреттіліктің қалыптасуын диагностикалау әдістеме әзірлемесін қамтиды.

Аспаптық деңгейде университеттің педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогтың құзыреттілік мазмұнын қалыптастыруға және оның дамуына мониторинг жүргізуге, оның нәтижелерін талдауға бағытталған оқыту формалары, әдістері мен құралдары болады.

Аталмыш модельді енгізу рефлексивті диалогты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

ЖОО-ның педагогикалық үрдісіндегі рефлексивті диалог – бұл субъективтілік, ынтымақтастық, жүйелілік, психологиялық қолдау, оқиғалар мен өзіндік тиімділік қағидаттары негізінде жүзеге асырылатын және студенттердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру және одан әрі дамыту мен өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасайтын педагогикалық шеберлік субъектілерінің өзара әрекеттесу жүйесі.

5. Білім алушылардың рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үшін рефлексивті диалогты дамытуға бағытталған арнайы әзірленген әдістемелік құралдар кешені, оның ішінде бакалавриат пәндерінің «Топтық кеңес беру» пәні бойынша «Топтық кеңес берудегі рефлексия және рефлексивті диалог» блогы, «Эмоционалды зияткерлікті дамыту практикумы» магистратура пәнінің «Рефлексиялық және эмоционалды интеллект байланысы» блогы; бакалавриат, магистратура, білім беру ұйымдарының оқытушылары мен психологтарына арналған «Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың рефлексивті

әдістері» оқу құралы, «Педагогикалық үдерісте білім алушылардың рефлексивті қабілеттерін дамыту» электрондық құралы.

6. ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде рефлексивті диалогты дамытудың әзірленген моделінің тиімділігін эксперименттік тексеру нәтижелері. Қажетті құзыреттіліктің қалыптасу көрсеткіштерін, олардың деңгейлік индикаторларын, сондай-ақ диагностикалық құралдарды қамтитын университеттің педагогикалық үдерісіндегі рефлексивті диалогты диагностикалау әдістемесі.

**Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігі** зерттеудің теориялық-әдіснамалық бағыттарын, зерттеудің теориялық, эмпирикалық, математикалық-статистикалық әдістерінің тексерілген жиынтығын, зерттеу аппаратының қисындылығы мен дәйектілігін, зерттеу болжамын растайтын тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін барабар таңдаумен қамтамасыз етіледі.

**Зерттеу нәтижелерінің жариялануы.** Диссертациялық зерттеуіміздің нәтижелері 5 (бес) халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда талқылаудан өтті (Павлодар, 2020; Костанай, 2021; Алматы, 2021; Павлодар, 2020; Переяслава (Украина), 2022); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда – 4 жарияланым («ПМУ хабаршысы»: педагогикалық сериясы; Абай атындағы ҚазҰПУ «Педагогика және психология» ғылыми-әдістемелік журналы; «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысына»: Педагогика, Психология, Әлеуметтану сериясы, «ПМУ хабаршысы»: педагогикалық серия); Скопус ақпараттық базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық журналда жарияланым – 1 (Нидерланды, 2021); «Рефлексивные методы организации самостоятельной работы обучающихся» оқу құралы; «Развитие рефлексии у студентов в учебном процесс» электрондық оқу құралы жарық көрді.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы.**

Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен мен қосымшалардан тұрады.